


<p>СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ</p> 	<p>"Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ" КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</p>	
<p>3-деңгейдегі СМЖ құжаты</p>	<p>2025 ЖЫЛҒЫ « 17 » 12. №3 редакция</p>	<p>Қ 029-03-04-02.2.06-2025</p>

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне (Satbayev University) магистратура және докторантураға оқуға қабылдау туралы қағида

Қ 029-03-04-02.2.06-2025

Алматы 2025

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
КЕАҚ Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ:**

Докторантура және ҒЗЖ
ұйымдастыру бөлімінің бастығы



М. Хведелидзе

« 27 » 11 2025 ж.

2 КЕЛІСІЛДІ

Басқарма мүшесі – ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі
проректор


« 15 » 12 2025 ж.



Е. Көлдеев

Басқарма мүшесі - Академиялық
мәселелер жөніндегі проректор

« 15 » 12 2025 ж.



Р. Ускенбаева

Ғылыми жобаларды сүйемелдеу және
жоғары оқу орнынан кейінгі білім
департамент директоры

« 05 » 12 2025 ж.



Ж. Жұмаділова

Білім алушылар контингентін
қалыптастыру офисінің басшысы

« 27 » 11 2025 ж.



М. Нарбаев

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы


« 03 » 12 2025 ж.



А. Сауранбаева

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
бастығының міндетін атқарушы

« 12 » 12 2025 ж.



Т. Абуkenов

Құжаттамалық қамтамасыз ету және мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы

«27» 11 2025 ж.



Ж. Орақбаева

3 Басқарманың 2025 жылғы «17» 12 №19 шешімінің **БЕКІТІЛДІ**

4 2023 жылғы 29 маусымдағы №2 редакцияның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	6
2 Нормативтік сілтемелер	6
3 Қолданылатын қысқартулар, терминдер мен анықтамалар	7
4 Магистратураға қабылдау және оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі	7
5 Докторантураға қабылдау және оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі	11
6 Шетелдіктерді магистратура мен докторантураға қабылдау	20
Қосымшалар	21
Өзгерістерді тіркеу парағы	25

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне магистратура және докторантураға оқуға қабылдау туралы қағида (бұдан әрі - Қағида) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес әзірленді.

1.2 Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетіне (бұдан әрі – ҚазҰТЗУ немесе Университет) магистратура және докторантураға оқуға қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы қағидада келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы;

2.2 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары.

2.3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын тағайындау қағидалары.

2.4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші.

2.5 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген Комплекстік тестілеуді өткізу қағидалары

2.6 2024–2025 оқу жылына арналған білім беру бағдарламалары топтары бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім кадрларын даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2024 жылғы 26 сәуірдегі №193 бұйрығы)

2.7 2024 жылы жоғары оқу орындарына қабылдау мәселелері жөніндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша нұсқаулық хат.

3 Қолданылатын қысқартулар, терминдер мен анықтамалар

ҚазҰТЗУ, Университет	«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ, Сәтбаев университеті
ҚР ҒЖЖБМ	Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
ТК	Тіркеу кеңсесі
ҚК	Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Қабылдау комиссиясы
КТ	Кешенді тестілеу
ОДТ	Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест

4 Магистратураға қабылдау және оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

4.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына магистратураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы онлайн жүргізіледі.

Өтініштерді қабылдау мерзімдері:

- 1) күнтізбелік жылдың 01 маусымынан 15 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Кешенді тестілеу келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

Күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты 01 желтоқсанға дейін жарамды. Күнтізбелік жылдың 18 қарашасынан 11 желтоқсанына дейінгі кезеңде өткізілген КТ сертификаты 01 наурызға дейін жарамды.

4.2 Магистратураға түсуші тұлғалар:

ғылыми педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын кешенді тестілеу тапсырады;

оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі (таңдауы бойынша) тестілеуден тұратын кешенді тестілеу тапсырады.

IELTS, TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғалар КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар магистратураға түсетін тұлғалар сертификат балдарының түпнұсқалығын тексеру және аудару үшін GRE стандартталған тестін тапсыру нәтижелерін алушы ретінде оқуға түсетін университетін және ҰТО көрсетеді.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе Университетке ақылы негізде қабылданған кезде жүзеге асырылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде Университетке қабылданған кезде Университеттің қабылдау комиссиясы тексереді.

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен және шетел тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады.

«Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығын анықтауға арналған тесттен өз қалауымен босатылады.

4.3 Университет магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдауды Университеттің қабылдау комиссиясы және (немесе) Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы келесідей мерзімдерде жүргізеді:

- 1) күнтізбелік жылдың 01 маусымынан 15 шілдесіне дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Оқуға түсуші КТ қатысу үшін өтінішті Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы онлайн тапсырады:

- білім беру грантын тағайындау жөніндегі конкурсқа өтініш бергенге дейін оқуға түсушінің Ұлттық білім беру деректер қорында "білім алушы" мәртебесі болмауы тиіс;

- **kb.satbayev.university** мекенжайы бойынша университет порталында тіркелуі керек;

- **app.testcenter.kz** сайтына кіріп, интерфейс тілін таңдау қажет;

- электрондық пошта арқылы өтініштер беру жүйесіне тіркелу (Ұлттық тестілеу орталығынан алынған хатта электрондық поштаны растау міндетті);

- өтініштер беру жүйесінде алынған логин мен пароль (логин мен пароль көрсетілген хатты жою мүмкін емес) арқылы авторизациядан өту;

- ЖСН көрсетіп, Іздеу батырмасын басу (аты-жөні автоматты түрде көрсетіледі), байланыс телефон нөмірін көрсету;

- «Өтініш беру» қосымша бетіне өтіп, «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім» таңдау;

- тестілеудің қажетті түрін таңдау; - тіркелу үшін деректерді толтыру;

- КТ өткізу қағидаларымен танысуды растау;

- төлем әдісін таңдап, тестілеу үшін төлем жасау.

Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін «Өтініш сәтті берілді!» хабарламасы көрсетіледі. Оқуға түсуші тестілеу тапсыру қаласын өз бетінше таңдайды.

4.4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін оқуға түсуші университеттің қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырады. Магистратураға түсуші өтініште білім

беру бағдарламаларының тобын және үш университетті көрсетеді. Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, оның ішінде карантин, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы, жаһандық немесе өңірлік, сондай-ақ жергілікті ауқымдағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау мерзімдерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды. Мерзімдер туралы ақпарат білім беру саласындағы уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында жарияланады. "Магистр" дәрежесінің білім беру грантын тағайындау конкурсында білім беру бағдарламалары тобының бейіні, шет тілі бойынша КТ нәтижелерінің балдары, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест ескеріледі. КТ нәтижелерінің көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, басым құқықты білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест нәтижелері бойынша жоғары балл алған тұлға алады, содан кейін оқуға дайындығын анықтауға арналған тест нәтижелері, одан әрі шет тілі бойынша тест нәтижелері, содан кейін дипломға қосымшада (алдыңғы білім деңгейі) GPA (Grade Point Average – Great Point Everage) ескеріледі.

4.5 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін оқуға түсуші Университеттің қабылдау комиссиясына:

- 1) белгіленген үлгідегі бланкідегі өтінішті;
- 2) жоғары білім туралы құжатты (құжатты Университеттің қабылдау комиссиясына берген жағдайда түпнұсқасы);
- 3) КТ сертификатын (Университеттің қабылдау комиссиясына құжат тапсырған жағдайда);
- 4) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтаманы + флюорография кскінін, № 063 нысанды;
- 5) жеке куәліктің көшірмесін тапсырады.

Магистратураға түсуші өтініште білім беру бағдарламаларының тобын және үш университетті көрсетеді.

4.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға конкурстық негізде КТ бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар қабылданады:

- 1) ғылыми-педагогикалық магистратура үшін – кемінде 75 балл;
- 2) бейінді магистратура үшін – кемінде 50 балл.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ үшін бағалаудың 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдау – кемінде 7 балл, бір немесе

бірнеше дұрыс жауапты таңдау – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтау бойынша тест – кемінде 7 балмен жүзеге асырылады.

Оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ үшін бағалаудың 100 балдық жүйесінің шкаласына сәйкес КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға кемінде 50 балл, бұл ретте оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауапты таңдау – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау – кемінде 7 балмен жүзеге асырылады.

5 Докторантураға қабылдау және оқуға түсу үшін құжаттарды қабылдау тәртібі

5.1 Университетке докторантураға оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдауды Университеттің (kb.satbayev.university) қабылдау комиссиясы және Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы (app.testcenter.kz) келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылдың 03 шілдесінен 03 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 25 қазанынан 10 қарашасына дейін.

Білім беру грантын тағайындау жөніндегі конкурсқа өтініш бергенге дейін оқуға түсушінің Ұлттық білім беру деректер қорында (ҰБДҚ) "білім алушы" мәртебесі болмауы тиіс. Докторантураға түсушілердің өтініштерін қабылдау Университеттің қабылдау комиссияларымен бірлесіп Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі. Докторантураға қабылдау емтиханына қатысу үшін оқуға түсушілер Университеттің қабылдау комиссияларымен бірлесіп өтініш береді:

- **kb.satbayev.university** мекенжайы бойынша университет порталында тіркелуі керек;
- **app.testcenter.kz** сайтына кіріп, интерфейс тілін таңдау қажет;
- электрондық пошта арқылы өтініштер беру жүйесіне тіркелу (Ұлттық тестілеу орталығынан алынған хатта электрондық поштаны растау міндетті);
- өтініштер беру жүйесінде алынған логин мен пароль (логин мен пароль көрсетілген хатты жою мүмкін емес) арқылы авторизациядан өту;
- ЖСН көрсетіп, іздеу батырмасын басу (аты-жөні автоматты түрде көрсетіледі), байланыс телефон нөмірін көрсету;
- «Өтініш беру» қосымша бетіне өтіп, «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура/докторантура)» таңдау;
- «Докторантураға қабылдау емтиханын» таңдау;
- тіркелу үшін деректерді толтыру; докторантураға қабылдау емтиханын өткізу қағидаларымен танысуды растау;
- төлем әдісін таңдап, тестілеу үшін төлем жасау.

Барлық кезеңдерден сәтті өткеннен кейін «Өтініш сәтті берілді!» хабарламасы көрсетіледі.

Оқуға түсуші емтихан тапсыру қаласын өз бетінше таңдайды. Егер оқуға түсушіге берілген өтінішке (емтихан тапсыру қаласына, білім беру бағдарламаларының тобына, тестілеуді тапсыру тіліне) өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, оған өтініштерді қабылдау базасы жабылғанға дейін (03 тамызға дейін, 18 қарашаға дейін) редакциялау мүмкіндігі беріледі.

Ол үшін:

- «Менің тарихым» қосымша бетіне өту;
- өтінішті ашып, «Өтінішті өңдеу» батырмасын басу;
- өзгерістерді енгізу; - өңдеуден кейін «Сақтау» батырмасын басу қажет.

Өтініштерді қабылдау базасы жабылғаннан кейін білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы өзгертілмейді.

Емтиханды өткізу орны мен уақыты туралы ақпарат оқуға түсушінің жеке кабинетінде қолжетімді болады.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан және докторантураға оқуға дайындығын анықтауға арналған тест жазудан босатылады.

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар қабылдау емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

Сертификат балдарын ОДАТ және эссе жазу балдарына ауыстыру мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және университетке ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін Университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

5.2 Докторантураға түсуші тұлғалар келесі құжаттар пакетін тапсырады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа, қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырған кезде);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) шетел азаматтарын қоспағанда, ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (ҚАЗТЕСТ) тапсыру туралы ресми сертификат;

5) шет тілін меңгергендігін растайтын сертификаттарды:

Ағылшын тілін меңгеру бойынша:

International English Language Testing System Academic (IELTS Academic)

– шекті балл кемінде 5.0;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program Internet-based Test (TOEFL iBT) – шекті балл кемінде 35 балл;

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Program (TOEFL ITP) – шекті балл кемінде 417 балл;

TOEIC (Test of English for International Communication) – шекті балл кемінде 550 балл;

Duolingo English Test – шекті балл кемінде 80 балл.

Неміс тілін меңгеру бойынша:

Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang Niveau B1 (DSH, Niveau B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

TestDaF-Prüfung Niveau B1 (TDF Niveau B1) – B1 деңгейінен төмен емес.

Француз тілін меңгеру бойынша:

Test de Français International (TFI) – оқу және тыңдалым секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

Diplôme d'Études en Langue Française (DELFF) – B1 деңгейінен төмен емес;

Diplôme Approfondi de Langue Française (DALF) – B1 деңгейінен төмен емес;

Test de Connaissance du Français (TCF) – B1 деңгейінен төмен емес.

Профильдік докторантура бағдарламасына түсушілерге:

Ағылшын тілін меңгеру бойынша:

IELTS Academic; TOEFL iBT; TOEFL ITP; TOEIC; Duolingo English Test.

Неміс тілін меңгеру бойынша:

DSH; Niveau B1; TDF Niveau B1.

Француз тілін меңгеру бойынша:

TFI; DELF; DALF; TCF.

Осылайша, профильдік докторлар бағдарламасына түсу үшін шекті балл белгіленбейді.

Анықтама ретінде: TOEIC нәтижелерін верификациялау тест қауіпсіздігі қызметіне: testssecurity@etsglobal.org

электрондық поштасы арқылы сұрату жолымен жүзеге асырылады.

Сұратуды қабылдаушы ұйым/ЖОО жолдайды және score report-тың сканерленген нұсқасын ұсынады.

Верификация кезеңінде бейнежазбалар, аудитор есептері және тест сессиясының нәтижелері талданады.

ETS Global жеке қосымша тексеру жүргізеді, бұл процесс 3 аптаға дейін созылуы мүмкін.

Duolingo сертификатын растау үшін ЖОО келесі мекенжайда университеттік аккаунт құруы қажет:

<https://englishtest.duolingo.com/edu>.

Осыдан кейін талапкер сайтқа кіріп («Менің тесттерім» бөлімі), «Нәтижелермен бөлісу» батырмасын басып, сертификатты оқу орнына жібереді.

6) 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама + флюорография кескіні;

7) өлшемі 3x4 сантиметр болатын екі фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдардың тізімі, зерттеу жүргізу жоспары (бар болса);

10) Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ) сертификаты бар тұлғалар докторантураға қабылдау емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды. Қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек. Қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді. Қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны оқуға түсушіге оның жеке кабинеті арқылы жолданады. Қосымша тестілеу нәтижелері қосымша тестілеу аяқталғаннан кейін компьютер экранында көрсетіледі. Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және оқуға түсушінің жеке кабинетіне жолданады. 04-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылдың 01 желтоқсанына дейін жарамды. 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылдың 01 наурызына дейін жарамды. Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылған кезде қабылдау комиссиясы оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

5.3 Докторантураға оқуға түсу үшін қабылдау емтихандары келесі мерзімдерде өткізіледі:

1) күнтізбелік жылдың 04 тамызынан 20 тамызына дейін;

2) күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

5.4 **Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша** докторантураға қабылдау емтиханы келесі блоктардан тұрады:

1) ЖОО-да емтихан комиссиясы жүргізетін талапкермен сұхбат;

2) эссе жазу;

3) білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихандық сұрақтарға жауап беру.

5.5 Профильдік докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханы келесі блоктардан тұрады:

- 1) ЖОО-да емтихан комиссиясы жүргізетін талапкермен сұхбат;
- 2) білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихандық сұрақтарға жауап беру.

Сұхбат талапкердің кәсіби және жеке қасиеттерін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу немесе тәжірибелік-зерттеу жұмысын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Сұхбат бетпе-бет және (немесе) міндетті түрде бейнебайланысты қолдана отырып қашықтан форматта өткізіледі. Видеожазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Сұхбат нәтижелері хаттамамен рәсімделеді және емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері мен хатшысы қол қояды.

5.6 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханын бағалау:

- 1) сұхбат – 30 балл;
- 2) эссе – 20 балл;
- 3) білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан – 50 балл.

Қорытынды баға эссені, білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан сұрақтарына жауаптарды және сұхбатты бағалау нәтижелерінің жиынтығы ретінде есептеледі.

Конкурс баллдарының бірдей нәтижелері болған жағдайда, Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдауда басым құқық білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша ең жоғары баға алған тұлғаларға беріледі.

Одан кейін эссе балдары және білім беру бағдарламасының профиліне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі:

– ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылда Clarivate Analytics компаниясының Web of Science дерекқорының Journal Citation Reports бойынша 1 және 2 квартильге кіретін рейтингі бар ғылыми басылымдардағы мақалалар;

– ғылыми әзірлемелерге берілген куәліктер;

– ғылыми стипендиялар мен гранттарды алу туралы сертификаттар;

– ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар.

Профильдік докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханын бағалау:

- 1) сұхбат – 25 балл;
- 2) білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан – 50 балл.

Кәсіпорындар мен ұйымдардан ұсыныс хаты болған жағдайда қосымша 5 балл қосылады.

Қорытынды баға сұхбатты және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан сұрақтарына жауаптарды бағалау нәтижелерінің жиынтығы негізінде қалыптасады.

Конкурс баллдарының бірдейлігі жағдайында профильдік докторлар бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдауда басым құқық төмендегі критерийлердің біріне сәйкес келетін тұлғаларға беріледі:

– шетел тілін меңгеруді растайтын сертификаттың ең жоғары балына ие тұлғалар;

– кәсіпорын қызметкерлері болып табылатын талапкерлер;

– кәсіпорындардан ұсыныс хаты бар талапкерлер.

Эссені, білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтиханды және сұхбатты бағалау критерийлері 1-қосымшада көрсетілген.

Эссе тақырыптары және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан билеттерінің сұрақтары ЖОО тарапынан әзірленеді және бекітіледі.

Емтихан материалдарының сапасына, шынайылығына, тұтастығына және құпиялығына жауапкершілік ЖОО -ға жүктеледі.

Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша докторантураға қабылдау емтиханының уақыты:

Барлығы – 3 сағат 30 минут (210 минут), оның ішінде:

– сұхбат – 20 минут;

– эссе жазу және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан сұрақтарына жауап беру – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Профильдік докторлар бағдарламасы бойынша емтихан уақыты:

Барлығы – 2 сағат 30 минут (150 минут), оның ішінде:

– сұхбат – 20 минут;

– білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихан сұрақтары – 130 минут (2 сағат 10 минут).

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қосымша уақыт: көру, есту, тірек-қимыл аппараты функциялары бұзылған, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген «Медико-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын» растайтын құжаты бар тұлғаларға 30 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Емтихан өткізу тәртібін бақылау:

Ережелердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында РЦТ-ға аудитория және дәліз кезекшілігі функцияларын орындайтын емтихан әкімшілері жіберіледі.

Талапкерлер емтиханға жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке куәлік немесе паспорт) түпнұсқасын көрсету арқылы жіберіледі, сондай-ақ тұлғаны анықтау үшін өлшемді бет сканері арқылы жүргізіледі.

Тыйым салынған заттарды тексеру:

Емтиханға кіру кезінде қол және рамалық металлоіздегіштер пайдаланылады. Бұл қауіпсіздікті қамтамасыз ету және талапкерлердің институт ғимаратына тыйым салынған заттарды алып кіруінің алдын алу үшін жүргізіледі.

Тыйым салынған заттарға мыналар жатады: шпаргалкалар және деректері бар қағаздар, оқу-әдістемелік әдебиет, Менделеев кестесі, тұздардың ерігіштік кестесі, калькулятор, қағаз, фотоаппарат, мобильді байланыс құралдары: пейджер, ұялы телефон, планшет, iPad, iPod, смартфон, рация, ноутбук, плеер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт-сағат, смарт-көзілдірік, фитнес-браслет (трекер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS навигаторлар, GPS трекерлер, қашықтан басқару құралдары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін кез келген ақпарат алмасу құрылғылары: GSM, 3G, 4G, 5G, VHF, UHF, Wi-Fi, GPS, Bluetooth, DECT және т.б.

Тыйым салынған заттарды анықтау және “алмастырушылар” бойынша тәртіп:

Металлоіздегішпен тексеру барысында тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, емтихан әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп Акт жасайды және талапкер ағымдағы жылы қабылдау емтиханына жіберілмейді.

Компьютерлік форматтағы қабылдау емтиханына кіргізу кезінде «алмастырушы тұлға» анықталса, емтихан әкімшісі оның қатысуымен «Қабылдау емтиханына кіргізу барысында алмастырушы тұлғаны анықтау туралы Акт» жасайды.

«Алмастырушы тұлғаларды» тартқан талапкерлер де ағымдағы жылы емтиханға жіберілмейді.

Қосымша тестілеу және қабылдау емтиханы кезінде талапкерге тыйым салынады:

- 1) аудиториядан емтихан әкімшісінің (аудитория кезекшісінің) рұқсатынсыз және ертіп жүруінсіз шығуға;
- 2) аудиториядан 2 реттен артық немесе әр шығу 10 минуттан ұзақ болуға;
- 3) сөйлесуге, орын ауыстыруға;
- 4) құжаттармен және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша жауап жазуға берілген А4 форматтағы парақтармен алмасуға;
- 5) аталған құжаттар мен А4 парақтарды аудиториядан алып шығуға, жыртуға немесе мыжу арқылы бүлдіруге;
- 6) аудиторияға (компьютерлік сыныпқа) төмендегі заттарды алып кіруге және пайдалануға: қағаз, шпаргалка, оқу-әдістемелік әдебиет, Менделеев кестесі, тұздардың ерігіштік кестесі, калькулятор, фотоаппарат, мобильді байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефон, планшет, iPad, iPod, смартфон), рация, ноутбук, плеер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт көзілдірік, смарт сағат, фитнес-браслет (трекер), диктофон, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS навигаторлар, GPS

трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ GSM, 3G, 4G, 5G, VHF, UHF, Wi-Fi, GPS, Bluetooth, DECT стандарттарында жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құралдары;

7) қосымша тестілеу және қабылдау емтиханын өткізуге арналған техниканы немесе қауіпсіздік жүйесін әдейі бүлдіруге;

8) қосымша тестілеу және емтиханның басталуына дейін және өткізу кезінде шулауға;

9) тест тапсырмалары мен емтихандық сұрақтарды алып шығуға, талқылауға немесе жария етуге;

10) қосымша тестілеу немесе қабылдау емтиханы жүйесіне араласуға немесе араласуға әрекет жасауға.

Ережелер бұзылған жағдайда жоғарыда көрсетілген талаптар бұзылған кезде, емтихан әкімшісі бақылаушылармен бірге тыйым салынған заттарды анықтау және талапкерді аудиториядан шығару туралы Акт жасайды.

Компьютерлік форматта емтихан өткізу кезінде алмастырушы тұлға анықталса, әкімші оның қатысуымен «Қабылдау емтиханын өткізу барысында алмастырушы тұлғаны анықтау туралы Акт» жасайды.

Алмастырушы тұлға аудиториядан шығарылады.

Емтихан нәтижелері өңделмейді және жойылады.

Алмастырушы тұлғаларды тартқан талапкерлер емтиханға жіберілмейді.

Қосымша тестілеу және қабылдау емтиханын бастау тәртібі талапкерге қажет:

1) тестілеу жүйесіне кіру үшін логин мен пароль енгізу немесе ЖСН енгізіп, фронтальды камера арқылы авторизациядан өту;

2) қосымша тестілеу және қабылдау емтиханы туралы мәліметтердің дұрыстығын растау;

3) қосымша тестілеу және қабылдау емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

4) «Кіру» («Войти») батырмасын басқаннан кейін тестілеуді бастау.

Емтихан нәтижелерін өңдеу және жариялау:

Қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін:

– талапкердің эссе және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихандық сұрақтарға берген жауаптары ҰТО-ға жіберіледі және ЖОО тарапынан ұсынылған, тиісті лицензиясы бар сарапшылармен бағаланады;

– докторантурада оқуға дайындық тестінің жауаптарын ҰТО өңдейді.

Емтихан нәтижелері емтихан өткізілген күннен кейінгі күні жарияланады.

Талапкерлер нәтижелермен келесі күні жеке кабинетінде танысады.

Өту балдары:

– **Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша** – 75 балл;

– **Профильдік докторлар бағдарламасы бойынша** – 50 балл.

ЖОО емтихан комиссиялары талапкерлердің жұмыстарын жеке код бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО -ға жолдайды, кейін нәтижелер жарияланады.

Докторантураға, резидентураға түсушілердің апелляция туралы өтініші ҰТО апелляциялық комиссиясының төрағасына талапкердің өзі тарапынан беріледі.

Өтініштер докторантураға қабылдау емтиханының, шығармашылық емтихандардың нәтижелері жарияланған күннен кейінгі күні сағат 13:00-ге дейін қабылданады және ЖОО апелляциялық комиссиясымен өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қаралады.

Компьютерлік форматтағы докторантураға қабылдау емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелер жарияланған күннің ертеңіне 13:00-ден 13:40-қа дейін, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым базасында қабылданады.

Апелляцияға кіру кезінде тыйым салынған заттарды пайдалануға жол берілмейді.

Металлоіздегішпен тексеру барысында тыйым салынған заттар анықталған жағдайда, тестілеу әкімшісі КТ өткізу пунктінің ғимаратында тыйым салынған заттардың анықталуына байланысты талапкерді ғимараттан шығару туралы Акт жасайды. Талапкер ағымдағы жылы қайта тестілеуге жіберілмейді.

Апелляцияда өтініште көрсетілген нақты фактілер ғана қаралады. Компьютерлік форматтағы докторантураға қабылдау емтиханы бойынша мазмұнға қатысты апелляцияны қарауға 40 минут уақыт беріледі.

Эссе жазу нәтижелері және білім беру бағдарламалары тобының профилі бойынша емтихандық сұрақтарға жауаптар жөніндегі апелляция ЖОО апелляциялық комиссияларымен жүргізіледі.

ҰТО 4–20 тамыз және/немесе 19 қараша–11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу мен қабылдау емтихандары аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде бейнебақылау жазбаларын қарап, тестілеу жүйесіндегі (электрондық формат) талапкерлердің тіркеу файлдарын (логтарын) тексереді.

Қосымша тестілеу және қабылдау емтиханы барысында талапкердің қағидаларды бұзуы және (немесе) 20-3 және 20-4 тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдалануы анықталған жағдайда, сондай-ақ қосымша тексеру нәтижелері бойынша ҰТО еркін түрде Акт жасайды және растайтын материалдармен бірге ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға жолдайды.

Акт және растайтын материалдар ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган құратын комиссияның қарауына ұсынылады. Комиссия шешімі негізінде қосымша тестілеу нәтижелері мен қабылдау емтиханы сертификаты уәкілетті органның бұйрығымен жойылады (аннулируются).

Қосымша тестілеу, қабылдау емтиханы және (немесе) қабылдау емтиханы сертификаты нәтижелері жойылғаннан кейін, ҰТО ЖОО-ға және талапкерге оның жеке кабинеті арқылы хабарлама жібереді.

Нәтижелері жойылған талапкерлер ағымдағы жылы қосымша тестілеуге және қабылдау емтиханына жіберілмейді.

Уәкілетті орган докторантураға түсушілердің жұмыстарын емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларының бағалау сапасын мониторингтеу жөніндегі Комиссия құрады.

Докторантураға түсушілердің жұмыстарын бағалау мониторингі жөніндегі Комиссия 4–20 тамыз және/немесе 19 қараша–11 желтоқсан аралығында өткізілген қабылдау емтиханы аяқталғаннан кейін 3 (үш) ай ішінде емтихан және апелляциялық комиссия сарапшыларының бағалауын тексереді.

6. Шетелдіктерді магистратура мен докторантураға қабылдау

Шетелдіктерді магистратура мен докторантураға қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде жоғары оқу орнынан кейінгі тегін білім алуы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айқындалады.

Шетел азаматтарын ҚазҰТЗУ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау ҚазҰТЗУ-дың қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл ішінде жүзеге асырылады. Шетелдік азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар 1 (бірінші) академиялық оқу кезеңі ішінде тұлғаларды қабылдағаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану процедурасынан өтеді.

1-қосымша

Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың балдарын қазақ немесе орыс тілінде оқытылатын магистратураға КТ бойынша шет тілінен тест балдарына ауыстыру шкаласы

Тест түрі	Балл	Шет тілі бойынша балл
IELTS	6 кем емес	25
	6,5 кем емес	30
	7 кем емес	40
	7,5 кем емес	45
	8 кем емес	50
TOEFL IBT	78 кем емес	25
	93 кем емес	30
	101 кем емес	40
	109 кем емес	45
	114 кем емес	50
DSH, TestDaF-Prüfung	B2 деңгейінен кем емес	25
	Niveau C1/деңгей C1	35
	Niveau C2/ деңгей C2	50
TFI, DELF, DALF, TCF	B2 деңгейінен кем емес	25
	C1 деңгейінен кем емес	35
	C2 деңгейінен кем емес	50

2-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	Балл	Тестілеу түрлері	Балл	
"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар		
Quantitative Reasoning	155 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	3 балдан кем емес	3 балдан кем емес		

Quantitative Reasoning	160 балдан кем емес	165 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	4 балдан кем емес	4 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	165 балдан кем емес	170 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	5 балдан кем емес	5 балдан кем емес		
Verbal Reasoning	145 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Шет тілі бойынша тест	25
Verbal Reasoning	155 балдан кем емес	155 балдан кем емес	Шет тілі бойынша тест	40
Verbal Reasoning	165 балдан кем емес	165 балдан кем емес	Шет тілі бойынша тест	50

3-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	155 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	3 балдан кем емес	3 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	160 балдан кем емес	165 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	4 балдан кем емес	4 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	165 балдан кем емес	170 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	5 балдан кем емес	5 балдан кем емес		

4-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест				
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Түсу емтихандары	Балл
Quantitative Reasoning	155 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	10
Analytical Writing	3 балдан кем емес	3 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	160 балдан кем емес	165 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	20
Analytical Writing	4 балдан кем емес	4 балдан кем емес		
Quantitative Reasoning	165 балдан кем емес	170 балдан кем емес	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Analytical Writing	5 балдан кем емес	5 балдан кем емес		
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Эссе жазу	5
Verbal Reasoning	160 балдан кем емес	150 балдан кем емес	Эссе жазу	7
Verbal Reasoning	165 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Эссе жазу	10

5-қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест*	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Француз	Неміс/ 50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест **	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	75

6-қосымша

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест**	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	20	40	7
Барлығы			80	100	50

7-қосымша

Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	20
Эссе	10
Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	40
Барлығы	100

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, парағы	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Хабарламаның нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі және аты-жөні, қолы, лауазымы